«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»
Психологиялық қызмет

Жатақханада тұратын студенттерге арналған сауалнаманың нәтижелері

Атырау - 2026 ж

Жатақханада тұратын студенттерге арналған сауалнаманың нәтижелерін талдау


Бұл сауалнаманы жүргізудің мақсат – жаңа оқу жылы қарсаңында жатақхана жағдайының студенттер үшін қаншалықты қолайлы екенін анықтау. Сауалнамаға әртүрлі факультеттердің 1–4-курс студенттері қатысты. Зерттеу барысында студенттердің жатақханадағы тұрмыс жағдайы, тазалық деңгейі, бөлмелес студенттермен және жоғары курс студенттерімен қарым-қатынасы, әкімшілік пен тәрбиешілердің жұмысына көзқарасы сияқты мәселелер қамтылды. Университетте студенттерге арналған үш жатақхана жұмыс істейді

Зерттеу барысы:


Жатақханада тұратын студенттерге электронды форматта «Google Form» платформасында 15 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Атап айтқанда, сауалнама №1, №2 және №3 жатақханаларда тұратын студенттерге бағытталды.

Сауалнамаға барлығы 228 студент қатысты. Олардың қатарында 1, 2, 3 және 4 курс студенттері бар.


Сауалнама нәтижелері:



1. Сауалнамаға №1 жатақхана – 43,9%, №2 жатақхана – 44,3%, №3 жатақхана – 11,83% жауап берді.




2. Студенттердің курстар бойынша бөлінуі, 1 курс – 102 студент (44,7%), 2 курс – 76 студент (13,2%), 3 курс – 30 студент (13,2%), 4 курс – 20 студент (8,8%).



3. Жалпы талдау нәтижелері бойынша, сауалнамаға ең көп қатысқан — Көптілді білім беру факультетінің студенттері (19,62%)**,** бұл олардың зерттеуге белсенді қатысуын көрсетеді. Келесі орында жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенттері (19,62%) тұр.



4.Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің жатақханаға орналасу кезінде қиындықтарға тап болмаған. Студенттердің 63,7%-ы «жоқ» деп жауап берсе, 15,9%-ы қиындық туындағанын көрсеткен, ал 24%-ы жағдайды қанағаттанарлық деп бағалаған. Жалпы, нәтижелер студенттердің көпшілігі үшін жатақхана мәселесі аса қиындық туғызбағанын көрсетеді. Дегенмен, жатақханаға орналасуда қиындық көрген студенттердің мәселесіне де назар аудару қажет**.**




5. Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің 81,5%-ы студенттердің жатақханадағы басқа студенттермен қарым-қатынасын жақсы деп бағалаған, 15%-ы қанағаттанарлық деп бағалаған, қалған бөлігі қарым-қатынасқа қанағаттанбайтынын көрсеткен. Нәтижелер студенттер арасындағы қарым-қатынастың жалпы оң деңгейде екенін байқатады. Дегенмен, студенттердің өзара түсіністігі мен жағымды әлеуметтік ортаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру қажет. Осыған байланысты студенттермен тәрбие және түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу жоспарланады.



6. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, студенттердің 98,7%-ы жоғары курс студенттері тарапынан қысым көрмейтінін, ал 1,3%-ы өзара әрдайым тату қарым-қатынаста екенін білдірген.. Бұл университет пен жатақхана әкімшілігінің тәртіп пен этикалық нормаларды сақтау бойынша жүргізіп отырған жұмыстарының нәтижелігін көрсетеді.


:



7. • 224 студент (99,1%) жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынаста ешқандай қиындық жоқ екенін айтты. Бұл әкімшілік тарапынан тәртіп, әділдік және студенттермен өзара түсіністік орнағанын көрсетеді.

• 2 студент (0,9%) әкімшілікпен қарым-қатынаста қиындықтар бар екенін атап өткен. Бұл жеке жағдай ретінде қарастырылып, нақты мәселенің мән-жайын анықтау қажет.

Жалпы алғанда, студенттердің 99,1%-ға жуығы жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынасты оң бағалаған. Бұл көрсеткіш жатақхана ұжымының жақсы ұйымдастырушылық қабілетін, әділ және ашық коммуникация жүйесінің бар екенін дәлелдейді. Алайда, жекелеген жағдайлар бойынша жеке әңгімелесу және кері байланыс алу қажет. Бұл студенттердің әлеуметтік бейімделуін әрі қарай жақсартуға ықпал етеді.



8. •123 студент (53.9%) жатақханада барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Бұл жатақханаларда жарық, тыныш орта және оқу бұрыштарының жеткілікті екенін білдіреді.

•81 студент (35,5%) қанағаттанарлық деп жауап берген. Бұл жағдай шу, интернеттің әлсіздігі, немесе жеке кеңістіктің жетіспеушілігімен байланысты болуы мүмкін.

•10 студент (10,5%) жоқ деп жауап берген, яғни олардың жағдайдың жеткіліксіз екенін білдіруі мүмкін



9. •Көпшілік (84,2%) студенттер арасында есірткі тұтыну, алкоголь ішу және темекі шегу сияқты зиянды әдеттер жоқ екенін айтты. Бұл жатақханадағы жалпы тәртіп пен денсаулыққа бағытталған мәдениеттің қалыптасқанын көрсетеді.

•15,8% студент ондай фактілердің бар екенін мойындаған. Олардың кейбірі нақты мысалдар келтірген: «Темекі шегетіндерді көріп тұрамыз».



10. •175 студент (76,8%) — студенттермен қарым-қатынаста ешқандай қиындық жоқ екенін айтты. Бұл жатақханадағы психологиялық климат пен студенттердің бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста екенін көрсетеді.

•50 студент (19,3%) — қанағаттанарлық деп жауап берген. Бұл топта жеке көзқарас айырмашылығы, мінез үйлеспеушілігі немесе ортақ ережелерді сақтау қиындықтары болуы мүмкін.


•3 студент (1,3%) — бұл сұраққа жоқ деп жауап берген, яғни олардың жағдайы бейтарап немесе анық емес деп бағалауға болады.

Жалпы алғанда, студенттердің басым бөлігі (шамамен 77%) қарым-қатынастың жақсы екенін көрсетті. Бұл жатақханадағы достық, қолайлы әлеуметтік орта қалыптасқанын білдіреді. Дегенмен, шамамен бестен бірі (19,3%) қанағаттанарлық деген яғни, студенттер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған психологиялық және тәрбиелік жұмыстарды жалғастыру қажет.

11. Жатақхана жағдайын жақсарту үшін не ұсынар едіңіз?

Сауалнама нәтижелері бойынша, студенттердің бір бөлігі жатақхана жағдайына қанағаттанғанымен, оны одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар бар. Әсіресе, оқу бөлмелері мен кітапхана ашу, Wi-Fi сапасын арттыру, санитарлық бөлмелерді жөндеу, кір жуатын машиналар санын көбейту және бөлмелердегі жиһаздарды жаңарту мәселелері маңызды орын алады. Сонымен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инженерлік жүйелердің тұрақты жұмысын реттеу және студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру қажеттігі байқалады.

Осыған байланысты, ең алдымен студенттердің күнделікті тұрмысына тікелей әсер ететін мәселелерді шешіп, кейін оқу, демалыс және әлеуметтік қолдау инфрақұрылымын кезең-кезеңімен дамыту ұсынылады.



12. Сауалнама нәтижесі бойынша, студенттердің 88%-ы қиын жағдайға тап болған кезде жатақханада өздеріне қолдау көрсететін адамның бар екенін айтқан. Бұл жатақханадағы әлеуметтік-психологиялық қолдау деңгейінің жақсы екенін және студенттердің басым бөлігі өздерін жалғыз сезінбейтінін көрсетеді. Ал қалған 12%-ы қолдау көрсететін адамның жоқ екенін білдірген.

Осыған байланысты, қиын жағдайға тап болған студенттерге қолдау көрсету тетіктерін жетілдіру, тәрбиешілер мен студенттер арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту және психологиялық көмекке қолжетімділікті арттыру маңызды. Әрбір студент өзін қауіпсіз сезініп, қажет кезде көмек сұрай алатын қолайлы орта қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.



13. Сауалнама нәтижесі бойынша, студенттердің **59,2%-ы университет психологының көмегіне жүгінбейтінін**, 37,3%-ы қажет болған жағдайда жүгінетінін, ал 3,5%-ы психологтың көмегіне жүгінетінін көрсеткен.
Бұл көрсеткіштер студенттердің басым бөлігі қазіргі уақытта университет психологының көмегіне жүгінбейтінін, алайда олардың едәуір бөлігі қажет болған жағдайда психологиялық қолдау алуға дайын екенін аңғартады. Психологқа жүгінетін студенттердің үлесінің төмен болуы психологиялық көмекке деген қажеттіліктің жоқтығын білдірмейді.

Бұған студенттердің өз мәселелерін өз бетінше шешуге тырысуы немесе психологиялық көмекке жүгінуге қатысты түрлі көзқарастары әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, университетте психологиялық қызмет туралы ақпараттандыру жұмыстарын күшейту, психологқа жүгінудің қолжетімділігі мен құпиялылығын түсіндіру және студенттер арасында психологиялық сауаттылықты арттыру ұсынылады. Бұл студенттердің эмоционалдық әл-ауқатын қолдауға және қажет болған жағдайда кәсіби көмекке жүгінуіне ықпал етеді.

Қорытынды:

• Студенттердің 80–85%-ы жаңа ортаға сәтті бейімделген.

• Әкімшілік пен педагог-тәрбиеші, комендант тарапынан қолдау жоғары деңгейде (99,1% оң пікір).

• Студенттердің өзара қарым-қатынасы мен бөлмелестермен түсіністігі жақсы (84,2%).

• Зиянды әдеттерге қарсы бағыт ұстанғандар басым (84,2%).

• Жатақханада қауіпсіз және тыныш әлеуметтік орта қалыптасқан.

• Тұрмыстық жағдай (жарық, су, жылу, жиһаз) толық қамтамасыз етілмеген.

• Кей бөлмелердің жарығы нашар, жылы су тұрақсыз.

• Спорт және демалыс аймақтарына рұқсат шектеулі, ұйымдастыру әлсіз.

• Бос уақытты тиімді өткізу мәдениеті төмен (негізінен интернет пен әлеуметтік желіге тәуелді).

• Университет тарапынан жатақхана инфрақұрылымын жаңарту мүмкіндігі бар (жөндеу, су, интернет).

• Оқу, демалыс және спорт бөлмелерін тиімді пайдалану арқылы орта сапасын арттыру.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жатақханасында тұратын студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейі жоғары. Олар оқу процесіне, жаңа ортаға және қарым-қатынас жүйесіне жақсы икемделген. Сонымен қатар, студенттердің тұрмыстық жағдайын жақсарту, мәдени және спорттық белсенділігін арттыру бағытында қосымша шаралар қабылдау қажеттігі байқалады**.**